



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 15 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

## Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының 2015 жылға арналған негізгі бағыттары туралы

2015 жылғы 27 ақпан

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2015 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының 2015 жылға арналған негізгі бағыттарын мақұлдады.

Қазақстан экономикасының дамуына 2015 жылы әлемдік қаржы және тауар нарықтарындағы құбылмалылықты қоса алғанда, қолайсыз сыртқы факторлар әсер етуі мүмкін.

Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясаты баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталады. Жылдық инфляцияны 6,0-8,0% шегінде ұстап тұру Қазақстан Республикасы ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты болып табылады.

Ұлттық Банк 2015 жылға арналған ақша-кредит саясатының банктердің өтімділігін реттеу жөніндегі шараларын әзірледі. Бұл мақсатта Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының қысқамерзімді теңгемен өтімділігін беру және алып қою жөніндегі құралдарының жүйесін кеңейтеді. Өтімділікті беру ашық нарық операциялары арқылы, сондай-ақ тұрақты тетік шеңберіндегі операциялар бойынша жүзеге асырылатын болады. Банктердің портфельдеріндегі өтімді бағалы қағаздардың шектеулі көлемін ескере отырып, банктердің теңгемен

өтімділікке қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ақша-кредит саясатының құралдары бойынша кепілмен қамтамасыз етудің тізбесін кеңейту жоспарланып отыр.

2015 жылы теңгемен жинақ ақшаның тартымдылығын арттыру және долларсыздандыру саясатын іске асыру мақсатында ең төменгі резервтік талаптар тетігін өзгерту жоспарланып отыр.

Валюта саясаты Қазақстан экономикасының ішкі және сыртқы бәсекеге қабілеттілігінің арасындағы теңгерімділікті қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Ұлттық Банк ақша-кредит саясатының баға тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі негізгі мақсаты мен қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу арасындағы теңгерімділікке қолдау көрсететін болады.

Ақша-кредит саясатының шараларын іске асыру инфляцияны нысаналы дәлізде ұстап тұру үшін және экономиканың ұзақмерзімді орнықты өсуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704 639, +7 (727) 2704 585, +7 (727) 3302 497, e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz).*